

Астана қаласының жаңа орталығында "Министрліктер үйі" объектісін салу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 тамыздағы N 886 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Астана қаласының әкімдігі заңнамада белгіленген тәртіппен Астана қаласының жаңа орталығында "Министрліктер үйі" объектісін (бұдан әрі - Объект) салу мақсатында мемлекет мұқтаждары үшін "KUAT" корпорациясы" ашық акционерлік қоғамынан (бұдан әрі - "KUAT" корпорациясы" ААҚ) жер учаскесін алуды қамтамасыз етсін.

2. Сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар қызметтерді беруші: "KUAT" корпорациясы" ААҚ-тың құрылысы аяқталмаған әкімшілік-тұрғын үй кешенінің (бұдан әрі - аяқталмаған кешен) негізінде Объектіні жобалау алдындағы, жобалау құжаттамасын әзірлеу және салу бойынша "KUAT" корпорациясы" ААҚ; аяқталмаған кешенді экономикалық бағалау бойынша "Қазақстанаудит" BDO" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасына (келісім бойынша) "KUAT" корпорациясы" ААҚ-тың аяқталмаған кешеніне бағалау жүргізе отырып, Объектіні салудың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге 2004 жылға арналған республикалық бюджеттен 004 "Республикалық инвестициялық жобалардың техника-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және сараптама жасау" республикалық бюджеттік бағдарламасы қаражатының есебінен 10000000 (он миллион) теңге бөлінсін.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) 2004 жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімде объектіні салудың техникалық-экономикалық негіздемесін ұсынсын;

2) осы қаулының 2-тармағында көрсетілген заңды тұлғалармен мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасассын;

3) осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды қамтамасыз етсін;

4) Объектіні жобалау және оны салуды қаржыландыруға көзделген қаражатты бюджеттік өтінімге енгізуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК